

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryshchan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШІРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӨДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

FTAXP17.82.32

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.23>***Н.Б. САЙФУЛЛАЕВА¹** **Қ.Р. КЕМЕҢГЕР²** **Д. КЫНАДЖЫ³** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}
Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия³
(e-mail: naz_s.b@mail.ru¹, kkemenger@mail.ru², camiyla@gmail.com³)

**ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ
АУДАРЫЛУ ТӘЖІРИБЕСІ
(Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы»
әңгімесі бойынша)**

Аңдатпа. Әдеби шығарманы аудару өзге мәтін түрін аударудан гөрі қиынырақ, себебі онда эстетикалық және экспрессивті деп аталатын ерекше құндылықтар бар. Шығарманың эстетикалық функциясы сөздердің (дикиялардың) сұлулығын, тілдің бейнесін, метафораны, ал экспрессивті функциялар жазушының ойын (немесе ойлау үрдісін), эмоциясын білдіруі керек. Бұл жағдайда аудармашы шығарманың түпнұсқасына эмоционалды және интеллектуалды жауап бере отырып, аударманың сәтті жасалуы үшін өз таланты мен тілдік қорын, сөз байлығын шебер қолданады. Қазақ әдебиетінде детектив жанрының дамуы ағылшынның көрнекті жазушысы Артур Конан Дойлдың (1859-1930) шығармашылығымен тікелей байланысты. Ирлан тектес қаламгердің бүкіл әлемге танымал еткен әдеби кейіпкері Шерлок Холмстың оқиғалары қазақ оқырманына да мәлім. Мақалада Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» детективті әңгімесінің 2011 жылы Құрманғазы Қараманұлы аударған қазақша тәржімасы талданады. Аудармашы Конан Дойлдың шығармаларын орыс тілінен қазақ тіліне аударғандықтан, екі тілдегі нұсқа салыстырылады, түпнұсқа мен қазақ тіліндегі шығарма поэтикалық жағынан қарастырылады.

Аудармаларды талдау барысында детективтік әңгімелердің қазақ ортасына бейімдеуге бағытталғаны, аударуда қолданылған әртүрлі тәсілдер мен ерекшеліктер сараланады. Конан Дойл туындысының негізгі элементтері – әңгіме атауынан баяндаушының бейнесіне дейін, басты кейіпкерлердің сипаттамасы, сондай-ақ сюжеттің кеңістік-уақыттық параметрлері қазақ тіліне қалай аударылғаны туралы талдау беріледі.

Түйін сөздер: көркем аударма, қазақ әдебиеті, ағылшын әдебиеті, әдеби байланыс, Артур Конан Дойл, Шерлок Холмс, қылмыстық оқиға, сюжет, кейіпкерлер, салыстырмалы талдау, поэтикалық сәйкестік.

Кіріспе. Қазіргі кезде мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуда негізгі екі бағытқа басымдық берілуде. Оның бірі – мемлекеттік тілді оқыту болса, екіншісі – іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу. Мемлекеттік тілді ғылымның немесе қоғамның кез келген саласына енгізу жұмыстарындағы маңызды бағыттың бірі – аударма ісінің қажеттілігі. Себебі аталған екі бағытты жүзеге асыруда аударма үрдісінің алдан шығатыны айдан анық. Оның үстіне, тіл – ең алдымен, халық пен халықтың, ел мен елдің бір-бірімен күнделікті тіршілікте қарым-қатынас жасауының құралы. Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастар тілсіз жүрмейді, соған тікелей тәуелді. Үшіншіден, адамзат қоғамы дамуының басты көрінісі ғылым екендігін ескерсек, ғылыми-технологиялық жаңалықтармен танысуына, оны игеруіне аударма керек. Әрбір халық әлем бейнесін өнерінде, ғылымында, салт-дәстүрінде өзінше бейнелейді. Дегенмен «әлем бейнесінің» нағыз көрінісін тіл арқылы ғана жеткізуге болады [1, 3]. Әр халықтың әлемді тілде бейнелеуін зерделеу үшін сол ұлттың тарихымен, ділімен, барлық өнер шығармашылығымен, дүниетанымымен таныстық болуы қажет. Ол дегеніміз – әр ұлттық әдебиет өзге әдебиеттермен байланысқа түсіп, сол елдің әдебиетінің тәжірибесін өз бойына сіңіре отырып үздіксіз кемелденуі.

Әдеби байланыс – бір әдебиеттің екінші әдебиет әлеміне енуі, әр жеке ұлттық әдебиеттің, оның ішінде әлемдік әдеби үдерістің дамуына үлес қосатын маңызды сәті [2, 6]. Ол үшін басқа тілдердегі әдебиет жауһарларын, публицистикалық шығармаларды қазақ тіліне, қазақ ақын-жазушыларының дүниелерін басқа тілдерге аудару керек, ал оны жүзеге асыру үшін – білгір ұстаздар мен білікті мамандар қажет екені сөзсіз. «Ел – ұлсыз болмас, жер – гүлсіз болмас» дегендей, қазақ әдебиетінің дамуына, оның ішінде, көркем аударма теориясы мен әдістемесін зерттеуде С. Сейітовтің «Әдебиеттер достығы» (1965), И.Х. Ғабдировтың «Кеңес дәуіріндегі орыс-қазақ әдеби байланыстары» (1968), Ш.Қ. Сәтбаеваның «XIX ғ. мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары» (1971), Ә. Қоңыратбаевтың «Көне түркі поэзиясы және қазақ фольклоры» (1972), Х. Бапаевтың «Қырғыз-қазақ, қазақ-өзбек әдеби байланыстары» (1975), Б. Ысқақовтың «Қазақ-татар әдеби байланысы» (1976), С. Тойшыбаеваның «Қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің байланысы» (1977), М.Х. Маданованың «XX ғасырдағы қазақ-француз әдеби байланыстары және салыстырмалы әдебиеттану проблемалары» (1999), Б. Түсіпованың «Ағылшын тілді жазушылар әңгімелерін қазақ тіліне аударудың ұстанымдары мен тәжірибесі» (2008) сынды еңбектерді ескереміз. Сонымен қатар, тақырып бойынша, қазақ тілтанымында, әсіресе көркем әдебиет стилі мен публицистика стилі (оның ішінде мерзімді басылымдар тілі), ауызекі сөйлеу тілі стилі диахронды және синхронды тұрғыдан зерттегендер Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, Б. Әбілқасымов, Р. Әміров, Б. Шалабай, А. Алдашева, Б. Момынова еңбектерін қаперде ұстаймыз [1, 127].

Қазақтың көрнекті әдебиеттанушы ғалымдарының еңбегінде әдеби байланыс мәселесі назардан тыс қалмады. Мысалы, академик Р. Нұрғали әлемдік әдебиеттің даму типологиясының маңызды мәселелерін зерттеді [3]; Ш.Қ. Сәтбаева «XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары» (1972) атты кітабында қазақ ғалымы Ш. Уәлихановтың Шекспирдің өнерін құрмет тұтқанын, оның ішінде «Гамлет» трагедиясын ерекше қабылдағанын жазды [2, 84].

Артур Конан Дойлдың шығармашығы ұзақ уақыт бойы дамып келе жатқан детективтік жанрдың қалыптасуы мен эволюциясына айтарлықтай үлес қосқан жазушылар қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Детектив – ағылшынның «detect» сөзінен шыққан, қылмысты ашу үрдісін бейнелейтін жанр. Детективтің әдебиетте жанр ретінде қалыптасуында өзіндік ұзақ тарихы бар. Ол ежелгі дәуірден бастау алып, ортағасырлық қорқынышты әңгімелерде, XVII ғасырдағы Гайо де Питавалидың «Әйгілі процестер» жинағында, сондай-ақ XIX ғасырдың готикалық романдарында кездеседі. Дегенмен, бұл жанр өзінің әртүрлі вариацияларында ғана қолданылып келді. Кейіннен тек XIX ғасырда әйгілі жазушылар оны көркемдік орта ретінде қолдана бастаған кезде танымал бола бастады [4, 214]. Соның ішінде, детективтің өзіндік жанр ретінде қалыптасуына түрткі болған американдық жазушы Эдгар Аллан Поның «Морг көшесіндегі өлім» шығармасы еді. Негізінен детективтік жанрда жалпыға бірдей танылған теория жоқ. Кейбіреулер оны интеллектуалды сөзжұмбақтың бір түрі деп атаса, басқалары әдебиет пен ойынның үйлесімділігі, ал кейбірі – тәртіп сақшыларының өмірі туралы өндірістік роман деп сипаттады. Алайда детектив элементтері үлкен ұлттық әдебиеттердің ажырамас бөлігі болып табылады. Мысалы оған француз әдебиетінде О. Бальзактың, ағылшында – Ч. Диккенс романдарын жатқыза алмыз.

Детективті ерекше жанр ретінде теориялық тұрғыдан қарастырған ағылшын жазушысы Г.К.Честертон болды. Ол бұл пікірін 1902 жылы «Детективтік әдебиетті қорғау» атты еңбегінде жазды. «XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бірінші жартысындағы детективтік әдебиеттің әлеуметтік-эстетикалық феноменін зерттеу» көптеген авторлардың, соның ішінде орыс аудармашылары А. Грамски, Б. Брехт, С.М. Эйзенштейн және К. Чуковскийдің назарын аударды [5, 90].

Детективтік әдебиет – фактілерді логикалық талдау арқылы, құпия қылмыстарды ашуға арналған көркем шығармалар қатарына жататын әдебиеттегі жанр. Онда оқиға, эпизод, деталь өте белсенді қызмет етеді. Даудың басы әділетсіздікпен бетпе бет келуден негіз алып, соңы қылмысты шешу арқылы әділдікпен аяқталады. Детективтік әдебиеттің гүлденуі капиталистік қоғамда орын алған қарама-қайшылықтардың айтарлықтай күшеюімен, сондай-ақ әлеуметтік әділетсіздікті айыптаған жаппай оқырманның пайда болуымен тікелей байланысты. Сонымен бірге, мұндай танымалдылық алғаш

рет XIX ғасырдың ортасында оқырмандардың роман жанрына деген қызығушылығынан бастау алған [6, 272].

Қазақ әдебиетінде «детектив» жанры кенже дамыды. Себебі, қазақ әдебиетіндегі классикалық проза жанры XX ғасыр басында ғана қалыптасты. Осы кезеңде ұлттық баспасөз өмірге келді. Алғашқы газет, журналдарда прозалық шығармалар жариялана бастады. 1906 жылдан бастап «Серке» газеті шықты. Бастапқы прозалық шығармаларда детектив мазмұны қамтылмады. Өйткені қоғам тынысы әдебиетте басқа тақырыптардың суреттелуін қажет етті. Соның ішінде ағартушылық, әйел теңсіздігі, отаршылдық тақырыптары қамтылды.

Қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаған қаламгердің бірі – Кемел Тоқаев. К. Тоқаевтың суреткерлік биік деңгейін, шеберлігін көрсететін көлемді туындысының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы [7]. Жазушы бұл еңбегінде өмір шындығын, майданға бара жатқан жолдағы ойларын, көзқарасын, аман оралу тілегін әңгімелеген.

Оқырманның детектив жанрына деген қызығушылығы ағылшын тіліндегі әңгімелерді орыс, қазақ тілдеріне аударған кезден бастап оянды. Аударма тарихы талай ғасырларды қамтығанымен ағылшын детективтерін қазақ тіліне аудару қарқыны XX ғасырдың еншісіне тиесілі [8]. Әлемдік мәдени және экономикалық кеңістікке интеграциялануға берік бағыт алған қазіргі заманғы қазақстандық қоғам барлық базалық құзыреттерге ие жоғары білікті аудармашыларға аса мұқтаж. Алғашқы қазақ аудармашылары сатылы аударма тәсілін пайдаланғанымен де, олардың аударма еңбектері арқылы қазақ оқырманы Шерлок Холмспен және қылмыстық оқиғаларды асқан шеберлікпен баяндаған озық шетел жазушыларының туындыларымен өз ана тілінде танысты. Олардың қатарына Ә. Ахметов, Қ. Қараманұлы, А. Ақжүнісов, С. Сүлейменов, А. Тәжітов сынды аудармашыларды кіргіземіз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ағылшын прозасының аудармадағы жай-күйін анықтау үшін салыстырмалы-тарихи талдау, жинақтау, анализ жасау, дәстүрлі сипаттамалық және танымдық тұрғыдан баяндау әдістері қолданылды.

Поэтикалық мәтін аударма пәні ретінде көп қабатты және көп компонентті болып келеді. Поэтикалық аударма теориясы мен тәжірибесінің ең даулы және өзекті мәселелері – балама негіздерін іздеумен және бағалау жүйесі мен параметрлер деңгейлерін нақтылаумен байланысты. Әдеби аударма өзін-өзі қамтамасыз ете алатын шығармашылық құндылық. Когнитивті прагматикалық мәселелерді шешуде коммуникативті және ақпараттық аспектілерді, сонымен бірге тарихи-мәдени, көркемдік және эстетикалық сипаттағы интеллектуалды және шығармашылық міндеттерді қолданады. Түпнұсқа және аударылған көркем мәтіндер тезисі кез-келген әдебиетті байытады және толықтырады, бұл тұрғыда оның органикалық бөлігіне айналып

сұранысқа ие болады. Сонымен қатар, басқа тілдерге аударылу құрметіне ие болған ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үлгілері іштей және сырттай «байытылады». Әрине, аударма қарым-қатынастың екінші түрі және мақсатты тіларалық интерпретация ретінде басқа тілдегі поэтикалық мәтінді қайта құру, түзету, түрлендіру, шет тілінде бейнелеу ретінде бағаланады [9, 203]. Бұл әрекеттердің барлығы көркем аударма процесінде жүзеге асырылып, түпнұсқаға сілтеме көрсетіледі, яғни бастапқы мәтінмен тығыз байланысты поэтикалық мәтіндердің мәдениетаралық қарым-қатынастағы парадигматикалық тобы құрылады.

Аудармаға дайындық кезінде дискурстың мазмұнды талдауы бастапқы ақпараттың тарихи және мәдени, семантикалық аспектілерін терең зерттеуге және сөйлеу әрекетінің ерекше құбылыстарын түсіндіруге бағытталуы мүмкін. Поэтикалық мәтін кем дегенде үш құрылымдық макро компонентті – мәдени, лингвистикалық және эстетикалық компоненттерді қамтитынын ескеру қажет. Сонымен қатар, поэтикалық мәтін белгілі бір функционалды және эстетикалық жүйе ретінде өзіндік сипаттамаларға ие [10, 386].

Талқылау мен бақылау. А.К. Дойлдың детективтік шығармаларының алғашқы аудармалары ХХ ғасырдың орта шеңінде орындалғанына қарамастан, ағылшын жазушысының шығармашылығына шынайы қызығушылық ХХІ ғасырдың басында оянды. Осы кезеңде «баспа ісінің гүлденуі» оқырман қажеттіліктерін қамтамасыз етті. Баспа өнімдерінен оқырмандар өздеріне ұнаған орыс және шетелдік жазушылардың шығармаларын таба бастады [11, 73]. Осыған байланысты оқырмандарды жаңа шетелдік әдебиеттермен, оның ең жақсы үлгілерімен таныстыратын аудармашы мамандығы ерекше сұранысқа ие болды. В.А. Скороденконың пікірінше, «Конан Дойлдың кітаптары қайта-қайта оқылатын болады, өйткені олар көркем әдебиеттің барлық артықшылықтарына ие: фантастика мен шытырман оқиғаларға бай және қарапайым баяндау тәсілімен оқыған сайын адамды баурап алады» [12, 5]. Әлем халқы Конан Дойлды талантты баяндаушы ретінде таныды, ал оның басты кейіпкері Шерлок Холмс күні бүгінге дейін бүкіл әлемде өлмес әдеби тірі кейіпкерге айналды. Шерлок Холмс туралы әңгімелерге деген оқырманның қызығушылығын сюжеті бар көркем шығармалармен, сондай-ақ логикалық жұмбақ шешумен түсіндіруге болады. Мұндай жұмыстарға Конан Дойлдың 1891 жылы тамызда «Strand Magazine» журналында жарық көрген, Шерлок Холмс туралы детективтік поэтиканы жүзеге асыру тұрғысынан ең танымал әңгімелердің бірі ретінде жазылған «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесі де кіреді. Бұл шығармасын «Шерлок Холмстың 12 үздік оқиғалары» жинағына енгізіп, оны екінші орынға қояды. «Жирен шаштылар қауымдастығы» - бұл ерекше сюжетке, шебер әңгімеге және тергеудің қызықты барысына негізделген қылмыстық оқиға туралы ең қызықты шығармалардың бірі [13]. Әңгіме классикалық детективтің керемет үлгісі болып саналады. Онда автор моральдық

сипаттағы өзекті мәселелерге, ағылшын өмірінің құқықтық аспектісіне назар аударады. Әңгіме элеуметтік мәселелерге, атап айтқанда, XIX ғасырдағы банк тонау қылмысының етек жаюына, патша тұқымының сол дәуірдің заңы мен саясатын елемеуіне негізделген. Осы әңгімені бізге қазақ тілінде ұсынған Құрманғазы Қараманұлы болды. Ол Артур Конан Дойлдың шығармаларын түпнұсқадан аудармай, К. Чуковскийдің орысша аудармаларын пайдаланған. Сондықтан түпнұсқаны екі аудармамен қатар алып отырып, салыстыратын боламыз.

«Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі басты кейіпкер – жирен шашты Джейбез Уилсон. Оның шағын несие беретін дүңгіршегі бар. Бірнеше апта бұрын Винсент есімді жас көмекшіні жұмысқа алған. Жұмысқа олақ болғанымен, төлейтін айлықтың жартысын қанағат еткендіктен ойланбастан өз қол астына алады. Бірақ күнделікті күйбең тіршіліктерін газеттегі хабарландыру бұзады [13, 2].

Д.Л. Сайерс айтуынша әңгімедегі көрсетілген күндер өткен уақыт туралы кейіпкерлердің сипаттамасымен сәйкес келмейді. Уилсон хабарландыруды көрген күн – 1890 жылы 27 сәуір десе, ол 8 апта бойы жұмыс істеді, «екі ай бұрын» десек, бұл маусым айының соңы. Алайда, сюжеттің басында Холмстың Уилсонмен кездесуі «өткен жылдың бір күзінде» деп сипатталады, ал қауымдастықтың таратылуы туралы есеп беретін күн 1890 жылы 9 қазанда, бұл хабарландыру жарияланғаннан кейін алты ай өткеннен соң. Дороти Л. Сайерс бұл сәйкессіздікті талдап, күндер сәйкесінше 4 тамыз және 4 қазан болуы керек деп мәлімдеген [5, 214].

«Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесінің Құрманғазы Қараманұлы аударған сатылы аудармасына салыстырмалы талдау жасау барысында, бірнеше ерекшеліктер мен сәйкестіктер табылды [14]. Мысалы, «I had called upon my friend, Mr. Sherlock Holmes, one day in the autumn of last year and found him in deep conversation with a very stout, florid-faced, elderly gentleman with fiery red hair» деп басталған құрмалас сөйлемді, қазақша аудармада «Былыр күзде орайы келіп байырғы досым мистер Шерлок Холмсқа кіре шыққам. Үйінде мосқал тартқан, шамадан тыс толық, жалындай түтеген жирен шашты бір джентльмен отыр екен» – деп екі жай сөйлеммен берген. Ал тура аудармасы «Өткен жылдың күзіндегі бір күні мені досым Шерлок Холмс шақырғанда, оны шамадан тыс толық, қызыл шырайлы келген, егде жастағы жиреншашты джентльменмен қызу әңгіме үстінен таптым» болады. Сатылы аудармада Уотсон Шерлоктың үйіне өзі барғандай аударылған, бірақ түпнұсқа бойынша оны Шерлоктың өзі шақыртады. Сөйлемдегі байырғы, үйінде деген сөздер түпнұсқада жоқ және түпнұсқадағы «florid-faced» (қаз. қызыл шырайлы) сөзі қазақша көркем аудармада да, орысша нұсқасында да ұмыт қалған. «With an apology for my intrusion, I was about to withdraw when Holmes pulled me abruptly into the room and closed the door behind me» сөйлемінің қазақша аудармасына

тым еркіндік бергенін байқауға болады. Қазақша аударма «Ішке кіргім келгенімен екеуара әңгіменің қызып жатқанын көріп іркіліп, қайтып кетпек болдым. Алайда Холмс мені бөлмеге сүйрегендей боп кіргізіп, соңымнан есікті жауып алды» деп тәржімаланады. Тура аудармасында «Басып кіріп келгенім үшін кешірім сұрап, қайтайын дегенімде, Холмс мені кенеттен бөлмеге қарай тартып, артымнан есікті жауып алды» деп аударылады. Әңгіменің қызып жатқаны бірінші сөйлемде айтылған болатын. Көркем аудармада кенеттен кіріп келгені үшін кешірім сұрағаны туралы да берілмеген. Сонымен қатар, аудармада құрмалас сөйлемді тағы да екі жай сөйлеммен берген. Бұның себебін аудармашының орысша көркем аударманы «Я хотел было войти, но увидел, что оба они увлечены разговором, и поспешил удалиться. Однако Холмс втащил меня в комнату и закрыл за мной дверь» қолданғанымен түсіндіреміз [15, 2].

Мұндағы тілге тиек етері, түпнұсқа орыс тілінен қазақ тіліне аударылған орыс тілді әдебиеттің аудармалары қазақ тілінде сөзсіз жауһар аудармалар болды. Мысалға: А.С. Пушкиннің, Л.Н. Толстойдың, Н.А. Некрасовтың екі томдықтары, С. Есенин бастаған орыс ақындарының таңдамалы жинақтары. Бұлардың барлығы – таңдаулы ақын-жазушыларымыздың біріккен аудармасымен арнайы сараптамадан өтіп, жарық көрген дүниелер. Ал орыс аудармасы арқылы қазақ тіліне аударылған ағылшын, неміс, француз, қытай және т.б. өзге де тілдер әдебиетінің сапасы орыстың аудармашыларына тікелей қатысты [16]. Негізгі гәп олардың орыс тіліне қалай аударылуында. Себебі қазақ әдебиетіндегі Махамбеттің жетік аудармасын орыстар әлі күнге дейін көрсете алған жоқ. Сондықтан басқа аудармаларға да солай күдікпен қарауға болады.

«You could not possibly have come at a better time, my dear Watson,» he said cordially – деген сөйлемнің қазақша көркем аудармасы өте сәтті аударылған деуге болады. Орысша көркем аудармада «Вы пришли как нельзя более кстати, мой дорогой Уотсон, – приветливо проговорил он» – деп берілген. Тура аудармасы «...«Сіз бұдан жақсырақ уақытта келе алмас едіңіз, қымбатты Ватсон», – деді ол шын жүректен» болар еді. Қазақша сатылы аударма ұтымды сөз тіркесімен «Іздегенге сұраған дегендей, нағыз керек кезде келдіңіз, қадірменді Ватсон, – деді ол жайдарылана езу тартып» – деп аударылған. Қазақша нұсқаның кемшіліксіз шығуы Қ. Қараманұлының жазушы әдіс-тәсіліне мұқият зер салғанын көрсетеді. Кейіпкер психологиясына қатысты кейде түпнұсқада жоқ болса да аударма нұсқада ой астарын жарыққа шығара баяндаудың да жақсы нәтиже беретіні, жазушы стилін жеткізу мен тәржімашы стилін анықтауда сөйлемдегі дыбыстық қайталаулардың, қаратпа сөздер, қыстырма мен одағайлардың да интонация мен ырғақ аясында үлкен рөл атқаратыны, баяндау тартымдылығын арттыра, көркемдік әсерді күшейте түсетіні аңғарылады. Әрбір жазушының өзіндік ырғағы бар – дейтін (А. Злобин) болсақ, онда тәржімашының да өзіндік ырғағы болуы заңды құбылыс және сатылы аударма жағдайында тәржімашының бір емес, бірнеше ырғақтар

тұтастығына кездесуі табиғилық болады [17]. «Then I can wait in the next room» хабарлы сөйлем – орысша «Не лучше ли мне подождать в другой комнате?», қазақша «Басқа бөлмеге барып тоса тұрсам қайтеді?» деп аудармалар сұраулы сөйлем ретінде берілген. «Can» модальды етістігі мүмкіндікті білдіргендіктен сөзбе-сөз «Онда мен келесі бөлмеде күте аламын» деген мағынаны білдіреді. «The stout gentleman half rose from his chair and gave a bob of greeting, with a quick little questioning glance from his small fat-encircled eyes» сөйлемінің тура аудармасы «Алып джентльмен орындығынан жартылай көтеріліп, кішкентай май басқан көздерімен қиық тастап, сәл сұраулы көзқараспен сәлем берді» деп аударылады. Көркем аудармада «Орындығынан көтеріле түскен жуантық маған қарап басын изеді, май басып жылтырап қалған көзі тұла бойымды тіміскілей шолып шықты» деп тәржімаланған. Сондай-ақ, түпнұсқада жоқ нәрсенің аударма нұсқада болуы, яғни аудармашының жанынан қосуы да кездеседі. Мәселен: «I know, my dear Watson, that you share my love of all that is bizarre and outside the conventions and humdrum routine of everyday life» – «Я знаю, мой дорогой Уотсон, – сказал он, – что вы разделяете мою любовь ко всему необычному, ко всему, что нарушает однообразие нашей будничной жизни» – Қадірменді Уотсон, – деді ол, – әдеттен тыс, шетін нәрсе атаулының, бірсарынды тіршілігіміздің шырқын бұзатын нәрсе атаулының бәріне айрықша бейіл беретінімді сөкет көрмейтініңіз маған бек жақсы мәлім. Тура аудармасы «...«Қымбатты Уотсон, сіз менің күнделікті өмірдегі конвенциялар мен қарапайым әдеттерден тыс және оғаш нәрселерге деген сүйіспеншілігіммен бөлісетініңізді білемін» болар еді. «A proposition which I took the liberty of doubting» сөйлемінің жанама аудармасы «Сол араның өзінде-ақ пікіріңіздің дұрыстығына шәк келтіргім келетінін айтып жауап қайтарғам» мүлдем басқа мағына береді. Сөзбе-сөз аудармасы «Менің күмәндануыма ерік берген жағдай». «When, in addition, I see a Chinese coin hanging from your watch-chain, the matter becomes even more simple» – «Сағатыңыздың шынжыр бауына тағылған қытай теңгесін көріп, Қытайда болғаныңызға ақи-тақи көз жеткіздім» сөйлемінде «the matter becomes even more simple» қазақ тіліндегі аудармада «ақи-тақи көз жеткіздім» деп аударылады. Түпнұсқада «бұл жағдайды түсіну тіпті қарапайымырақ болды» деп берілген. Тағы бір байқалатын жайт: қанатты сөздер мен нақылдардың түпнұсқа болсын, аударма болсын өз ана тілдерінде берілуі. Мысалы, «Omne ignotum pro magnifico,» you know, and my poor little reputation, such as it is, will suffer shipwreck if I am so candid – Как вам известно, «Omne ignotum pro magnifico», и моей скромной славе грозит крушение, если я буду так откровенен... – «Omne ignotum pro magnifico» дегенді білесіз ғой, бұлайша ағымнан жарыла берсем болмашы абыройымның аяқ-асты болатын түрі бар... Мұнда қазақша «ағынан жарылу» сөз тіркесі «ашыла беру» тура мағынасының орнына оңтайлы қолданылған. «Аяқ-асты» сөзі де «нұқсан келу» сөзінің орнына жұмсалған. Қазақша әдеби сөз тіркестерін қолдану аударманың

түпнұсқадағы мағынасынан ауытқытқан жоқ, керсінше сөйлемнің қазақ оқырманына түсінікті, әрі бейнелі берілуіне мүмкіндік берді. Міне осылайша көркем аударма өнеріндегі түпнұсқа табиғатын, ондағы суреттелген өмір бейнесінің шынайылығын терең сезіну мен сөз өрнегінің нәзіктік, әрі беріктік сырын тәржімашының терең ұғынуы, оның өз оқырманының тіліне деген құрметі мен сүйіспеншілігі бой көрсетеді. Бұл тұрғыда А. Байтұрсынұлы ұстанған аударма қағидаттарды Қ. Қараманұлы тиімді қолданғанын байқаймыз: ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу; егер ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу, жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек; қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек [18, 39].

«It is The Morning Chronicle of April 27, 1890» – «Утренняя хроника». 27 апреля 1890 года – «Морнинг кроникл», мың сегіз жүз тоқсаныншы жылғы жиырма жетінші көкек. Бұл аудармалардан байқайтынымыз газеттің атауы орысша аудармада «morning» сөзі өз тілдеріне аударылып берілсе, қазақшада аударылмай дәл сол атауымен «морнинг» және ай мен жылдар да санмен емес, жазумен берілген. Көркем аудармада кездесетін ұлттық ерекшеліктерді білдіретін реалии сөздер аталмыш аудармада, қабылдаушыға прагматикалық бейімдеу үшін транслитерация арқылы берілген. Транслитерация (латынша trans – арқылы littera – әріп). Белгілі бір алфавитпен жазылған жекелеген сөздерді немесе мәтінді екінші бір алфавиттің әріптерімен таңбалау. Транслитерацияны қолданудың сәйкестілігіне баға бере отырып, ұлттық ерекшелікті жеткізу қабылдаушыға қаншалықты маңызды екенін анықтап алған жөн. Бұдан шығатын қорытынды: Қ. Қараманұлы орысша аудармамен ғана емес, түпнұсқамен де қатар жұмыс жасаған. Онда тек орысшадан аударылған деп айтуымыз қателік болады. Тәржімашы орыс тілінен қазақ тіліне аудару кезінде көркем шығарма түпнұсқасын, түпнұсқадағы көркем шындықты өзіне негізгі тірек етіп алады. Түпнұсқа көркем шындығына сай кей тұста еркіндікке де барады.

Нәтижелер. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде айтқандай, «тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын...» [19, 10]. Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді. Шығарма авторы мен оқырманға, түпнұсқа көркемдігі, тілі мен шығарма аударылып отырған тілге деген адалдықты таразының екі басындай тең ұстауға тырысқан Қ. Қараманұлы аударма нұсқаның қазақтың рухани қазынасын байыта түсер туынды болуын басты назарда ұстайды. Осыған орай ұлттық ерекшеліктер мәселесіне айрықша көңіл бөледі.

Бүгінгі таңда көркем аударманың өзекті мәселелері, теориялық, әдістемелік сұрақтары отандық ғалымдар мен ізденушілердің мақалаларында қарастырылды. Түйінді ғылыми пікірлері мен тұжырымды ойлары әлемдік деңгейдегі жетекші ғылыми басылымдарда жарық көрді [20]. Біз мақаламызда көркем аударма поэтикасы бойынша осы ізденістер нәтижесін ескеріп, оларды тақырыпты ашу мақсатында пайдаландық.

Қорытынды. Түйіндеп айтқанда, Қ. Қарманұлы ана тіліміздің мүмкіндігінің молдығын, тоқсан түрлі толғауы мен иірімін жіті таныған, сөзді құбылтып, айшықтаудың әр алуан сырларын жан-жақты меңгерген, қазақ халқына Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» детективті әңгімесін насихаттаған таланттарымыздың бірі. «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесінің аударылуындағы жетістіктер – стильдер үндесуінде тұрақты сөз тіркестерінің, теңеулердің ұтқырлықпен қолданылуынан болса, кемшіл тұстар – тәржімашының кей сөйлемде автордың не айтқалы отырғанын, кейіпкердің іс-әрекетін, сөйлеу қалпын терең талдамауынан және көркем шығарма үшін пайдалы әсері жоқ, қажетсіз еркіндіктен туындайды. Басқаша айтқанда, бір-бірімен байланысып жатқан күрделі ойды бөле-жармай, тұтас беруді көздеген автордың құрмалас сөйлемін өз қалауынша мазмұндау немесе бөлек-бөлек сөйлемге айналдырып аудару. Қазіргі көркем аудармадағы қиындық та осы тұстан, автор стилін анық танымаудан яки немқұрайлы қараудан болып отыр.

Әдебиеттер

1. Құлманов С. Аударманың өзекті мәселелері. – Алматы: Palitra-Press, 2015, – 296 б.
2. Сәтбаева Ш.Қ., XIX ғ. мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары. – Алматы: Наука, 1972.
3. Нұрғали Р. Шығармалары. 3-том, 1-кітап. – Астана: Фолиант, 2013. – 288 б.
4. Waltraud W., Cassiday B. The literature of crime and detection: an illustrated history from antiquity to the present. – Leipzig: Edition Leipzig, 1988. – 214 p.
5. Кожевникова В.М, Николаева П.А. Литературный энциклопедический словарь / под общ. ред. – Москва: Сов. энцикл., 1987. – С. 90-91.
6. Марч А. Е. Развитие детективного романа. L.: Peter Owen Limited, 1958. – 272 с.
7. Тоқаев К. Солдат соғысқа кетті: роман / – Алматы : Жазушы, 1983.
8. Разин В.В. В лабиринтах детектива: Очерки истории советской и российской детективной литературы XX века. URL: http://royallib.com/read/razin_vladimir/v_labirintah_detektiva.html#0
9. Мұсалы Л.Ж., Есембеков Т.О., Искакова Г.Н. Поэтикалық мәтін мен дискурсты аудармашылық тұрғыдан талдау ерекшелігі // ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. – №4, 2021. – 203 б. ISSN 1563-0323, <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i14.ph19>
10. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва, 2007. – 386 с.
11. Миронова В.Е. Рецепция детективного творчества Артура Конан Дойла в русской литературе: к постановке вопроса / В. Е. Миронова // Текст. Книга. Книгоиздание. – 2016. – №1(10). – С. 73-85. – DOI:10/17223/23062061/10/5. – 0,6 а.л

12. Скороденко В.А. Шерлок Холмс с Бейкер Стрит // Дойл А.К. Приключения Шерлока Холмса. – М.: Мол. гвардия, 1988. – С. 5-13.
13. Doyle A.C. The adventure of The Red-Headed league. Magic Wagon; Illustrated edition, January 1, 2010.
14. Дойл А.К. Жирен шаштылар қауымдастығы. Әңгімелер. Орыс тілінен аударған Қараманұлы Қ. – Астана: Аударма баспасы, 2011.
15. Дойл А.К. Союз рыжих. Ағылшын тілінен орыс тіліне аударғандар Чуковской М.Н, Чуковской Н.К. – Мәскеу: Эксмо баспасы, 2005.
16. Хошаева Г.Б. Ағылшын детективтерін қазақ тіліне аудару үлгілері / Канд. дис. автореферат. – Астана, 2006.
17. Дәуренбекова Л.Н. 1960-1980 жылдардағы түпнұсқа мен көркем аударма мәтіндерінің сәйкестігі / Канд. дис. автореферат. – Астана, 2008.
18. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының сипаты. – Алматы, 2004. – Б. 39-41.
19. Байтұрсынұлы А., Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
20. Daurenbekova L.N., Kerimbekova, B. D., Daribayev S. D, Agabekova Zh. A., Adayeva Y. S. Translation into Kazakh language of Women's image in Ch.Aitmatov's works <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107038320&origin=resultslist&sort=plf-f>

Н.Б. САЙФУЛЛАЕВА, Қ.Р. КЕМЕНГЕР

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Д. КЫНАДЖЫ

Университет Анкары Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция

**ЖАНР ДЕТЕКТИВА И ЕГО ОПЫТ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА В
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ (по рассказу Артура Конан Дойла «Союз
Рыжих»)**

Аннотация. Переводить литературные произведения всегда сложнее, чем переводить другие типы текстов. Литературные произведения обладают особыми эстетическими и экспрессивными ценностями. Эстетическая функция произведения должна выражать красоту слов (дикцию), образность языка, метафору, а экспрессивная функция – мысль (или мыслительный процесс), эмоции писателя. В этом случае переводчик умело использует талант и богатство своего языка, чтобы оживить перевод, эмоционально и интеллектуально, полагаясь на оригинальное произведение. Развитие детективного жанра в казахской литературе напрямую связано с творчеством Артура Конан Дойла, особенно рассказами литературного персонажа Шерлока Холмса, прославившего его на весь мир. Статья посвящена анализу художественных особенностей казахского перевода детективного рассказа Артура Конан Дойла «The Red-Headed League», написанного в конце XIX века.

Поскольку переводчик Курмангазы Караманулы перевел произведения Конан Дойла с русского на казахский язык, в статье рассматривается оригинал в сравнении с переводом на двух языках.

Анализ исследуемых переводов наглядно показывает различные подходы к передаче содержания художественных произведений, направленные на адаптацию детективных историй к казахской среде. В статье объясняются причины существования различных подходов и особенностей в казахском переводе. В данной статье исследована последовательная передача ключевых элементов поэтики детективного рассказа Конан Дойла на казахский язык. Начиная с названия произведения до образа повествователя и характеристики главных героев, а также пространственно-временных координат рассказа.

Ключевые слова: художественный перевод, казахская литература, литературный связь, Артур Конан Дойл, Шерлок Холмс, криминальная фантастика, сюжет, персонажи, сравнительный анализ, поэтическое совпадение.

N.B.SAIFULLAYEVA, K.R.KEMENGER

Eurasian National University after L.N.Gumilyov, Astana, Kazakhstan

CEMILE KINACI

Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey³

DETECTIVE GENRE AND ITS EXPERIENCE OF LITERARY TRANSLATION IN KAZAKH LITERATURE (based on Arthur Conan Doyle's story «The Red-Headed League»)

Annotation. Translating literary works is always more difficult than translating other types of text because literary works have special values called aesthetic and expressive. The aesthetic function of a work must express the beauty of words (diction), the image of language, metaphor, and the expressive function-mind (or thought process), the emotions of the writer. In this case, the translator skillfully uses the talent and richness of his or her language to survive the translation, reacting emotionally and intellectually to the original work. The development of the detective genre in Kazakh literature is directly linked to the work of Arthur Conan Doyle, especially the stories of the literary character Sherlock Holmes, who made him famous throughout the world. The article considers peculiar features found in Kazakh translation of Arthur Conan Doyle's detective short story «The Red-Headed League» done in 2011. Since the translator Kurmangazy Karamanuly interpreted the works of Conan Doyle from Russian into Kazakh, the article considers the original in comparison with the translation of two languages.

The analysis of the translations under study clearly shows various approaches to conveying the content of the fiction works, aimed at adapting the detective stories to the Kazakh environment. The article explains the reasons for the existence of the

different approaches and peculiarities in the Kazakh translation. The paper provides a successive analysis of how the key elements of Conan Doyle's poetics – from the story title to the image of the narrator, characteristics of the main heroes, as well as space-time settings of the story – are delivered into the Kazakh language.

Keywords: literary translation, Kazakh literature, literary connection, Arthur Conan Doyle, Sherlock Holmes, crime fiction, plot, characteristics, comparative analysis, poetic coincidence.

References

1. Qūlmanov S., Audarmanyñ özekti мәseleleri. – Almaty: Palitra-Press, 2015, – 296 b.
2. Sätbaeva Ş.Q., XIX ғ. мен XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары. – Almaty: Nauka, 1972.
3. Nūrғали R. Şығармалары. 3-том, 1-кітап. – Astana: Foliant, 2013. – 288 b.
4. Waltraud W., Cassidy B. The literature of crime and detection: an illustrated history from antiquity to the present. – Leipzig: Edition Leipzig, 1988. – 214 p.
5. Kojevnikova V.M, Nikolaeva P.A. Literaturnyi ensiklopedicheski slovar / pod obş. red. – Moskva: Sov. ensikl., 1987. – 90-91 s.
6. March A. E. Razvitie detektivnogo romana. L.: Peter Owen Limited, 1958. – 272 s.
7. Toqaeв K. Soldat soғysqa ketti: roman. – Almaty: Jazuşy, 1983.
8. Razin B.V. Oчерki istorii sovetskij i rossijskoj detektivnoj literature XX veka. URL: http://royallib.com/read/разин_владимир / в_лабиринтах_детектив.хтмл#0
9. Mūsaly L.J., Esembekov T.O., İskakova G.N. Poetikalyq мәtin men diskursty audarmaşylyq tūrғыdan taldaу ereкseliғi // QAZŪU HABARŞYSY, Filologia series. – №4, 2021. – 203 b. ISSN 1563-0323, <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i14.ph19>
10. Karaulov İ.N. Ruski iazyk i iazykovaia lichnost. – Moskva, 2007. – 386 s.
11. Mironova V.E. Resepsia detektivnogo tvorcestva Artura Konan Doila v ruskoj literature: k postanovke voprosa / V. E. Mironova // Teks. Kniga. Knigoizdanie. – 2016. – №1(10). – 73-85 c. – <https://doi.org/10/17223/23062061/10/5> . – 0,6 a.l
12. Skorodenko V.A. Sherlock Holmes s Baiker Street, 221 b // Doyle A.C. Prikluchenia Shelocka Holmesa. M.: Mol. Gvardiya, 1988. – B. 5-13.
13. Doyle A.C. The adventure of The Red-Headed league. Magic Wagon; Illustrated edition, January 1, 2010.
14. Doyle A.C. Jiren şaştılar qauymdastyғы. Äñgimeler. Orys tilinen audarğan Qaramanūly Q. – Astana: Audarma baspasy, 2011.
15. Doyle A.C Soiuz ryjih. Aғылşyn tilinen orys tiline audarğandar Chukovskoi M.N., Chukovskoi N.K. – Mäskeu: Eksmo baspasy, 2005.
16. Hoşaeva G.B. Aғылşyn detektivterin qazaq tiline audaru ülgileri / Kand. dis. avtoreferat. – Astana, 2006.
17. Däurenbekova L.N. 1960-1980 jyldardaғы tüpnüsqa men körkem audarma мәtinderiniñ säikestiғi / Kand.dis. avtoreferat. – Astana, 2008.
18. Qūrmanbaiūly Ş. Qazaq terminologiasy damuynyñ sipaty. – Almaty, 2004. – B. 39- 41.
19. Baitürsynūly A., Ädebiet tanytqyş. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.

20. Daurenbekova L.N., Kerimbekova B.D., Daribayev S.D., Agabekova Z.A., Adayeva Y.S. Translation into Kazakh language of Women's image in Ch. Aitmatov's works <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107038320&origin=resultslist&sort=plf-f>

Авторлар жайлы мәлімет:

Сайфуллаева Назерке Бақытқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Сайфуллаева Назерке Бакытовна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Saifullayeva Nazerke Bakytkyzy – PhD student of Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Кемеңгер Қайырбек Ризабекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Кемеңгер Кайырбек Ризабекович – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Kemenger Kaiyrbek Rizabekuly – Candidate of philology sciences, associated professor of Eurasian National University after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

Джамиля Кынаджы – философия докторы (PhD), Хаджи Байрам Вели университетінің доценті, Анкара, Анкара, Түркия.

Джамиля Кынаджы – доктор философии (PhD), доцент Хаджи Байрам Вели Университета, Анкара, Турция.

Cemile Kinaci – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey.